№43 (10236)
9 маусым
сейсенбі
2026 жыл

# Жалағаш жаршысы

«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

# «АҚТЕРЕК» –
## ШАТТЫҚ ПЕН ДОСТЫҚТЫҢ ОРДАСЫ

Аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов

**Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды. Үш ай демалыста ата-аналар балаларын қолындағы смартфонға тәуелді болмай, уақытын тиімді өткізу үшін тынығу лагеріне жібереді. Осы ретте өткен аптада аудан іргесінде орналасқан «Ақтерек» сауықтыру лагері оқушыларға құшағын айқара ашты. Мұнда балалар түрлі үйірмелерге қатысып, шығармашылығы мен дарынын шыңдайды.**



балаларды «Ақтерек» сауықтыру лагеріндегі алғашқы маусымның ашылуымен құттықтап, жазғы демалысты тиімді әрі қызықты өткізудің маңыздылығын атап өтті.

– Біз – «бар жақсылық балаларға» деген қағиданы берік ұстанған елміз. Сондықтан өскелең ұрпақтың сапалы білім алып, жан-жақты дамуы үшін барлық жағдайды жасауға әрдайым мән береміз. Сіздерге үлкен сенім артып, қашанда қолдау білдіреміз. Сондықтан сіздер бос уақыттарыңызды тиімді пайдаланып, білім мен тәрбиені қатар меңгеріп, елдің ертеңіне қызмет ететін азамат болып қалыптасуға тырысыңыздар. Жазғы тынығу лагерінде сіздер демалып қана қоймай, жаңа ортаға бейімделіп, жақын достар тауып, қызықты әрі пайдалы шаралардың куәсі боласыздар. Бұл жерден жақсы естеліктер мен әсер алып, жаңа оқу жылына тың серпінмен оралады деп сенемін, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Айта кетейік «Ақтерек» сауықтыру лагері жыл сайын балалардың балғын балалық шағының қызықты өтуіне жұмыс жасап келеді. Лагерь 1999 жылы асар әдісімен салынған. Содан бері 80 орындық лагерь жылда 6 ауысыммен жұмыс жасап келеді. Қазір лагерьде 4 жатын ғимарат, 1 асхана бар. Сонымен қатар ашық спорт алаңы, сыртқы бассейн, мәдени іс-шаралар өтетін орындар қарастырылған.

Жаз бойы мұнда 6 ауысыммен 452 баланы қамту жоспарланған. Оның ішінде 402 бала міндетті оқу қоры есебінен, 50 бала кәсіподақ есебінен қамтылады. Әр ауысым уақыты – 10 күн. Мұнда танымдық-логикалық, спорттық жарыстар өтіп тұрады. Одан бөлек бой сергіту, ой сергіту және танымдық бағытта түрлі ойындар ұйымдастырылады. Мұнда оқушылардың жазғы демалысын қызықты өткізу үшін барлық мүмкіндік қарастырылған.

Мерекелік шарада өнерлі оқушылар ән айтып, би билеп, сахналық қойылымдар ұсынды. Сонымен бірге қатысушылар балалардың қолөнер бұйымдарынан ұйымдастырылған көрмені тамашалады.

Иә, жаз мезгілі – балалардың тынығып, уақытын көңілді өткізіп, жаңа оқу жылына тың серпінмен баруына күш беретін уақыт. Сондықтан бұл уақытты жас өрендер ерекше асыға күтеді. Олардың қатарында аудандағы әл Фараби атындағы №201 мектеп-лицейінің оқушысы Ерзат Темірбекұлы да бар. Ол биыл 8-сыныпты тәмамдаған. Өзге оқушылар секілді жазғы демалысты асыға күтетін ол уақытын тиімді өткізуді жөн көреді. Бірі ауылдағы ата-әжесінің қасында болып, табиғат аясында тынығуды қаласа, енді бірі қаладағы ойын-сауық орындарына барады.



Ал Ерзат үшін жазғы демалыстың ең қызықты кезеңі «Ақтерек» сауықтыру лагерінде өтеді. Сондықтан ол жыл сайын осы лагерьге келіп, жаңа достар тауып, түрлі қызықты іс-шараларға қатысуды дәстүрге айналдырған.

– «Ақтерек» лагерінде жазғы демалыс өте қызықты әрі жоғары деңгейде өтеді. Өткен жылы да осында демалып, көптеген достар таптым. Биыл да осында келіп, түрлі үйірмелер мен іс-шараларға қатысуды жоспарлап отырмын, – дейді ол.

Биыл аудан бойынша жазғы демалыс кезеңінде туристік саяхаттар, тарихи-танымдық экскурсиялар, мәдени-көпшілік және спорттық шаралар ұйымдастырылып, 6352 баланы қамту жоспарлануда.

Ауданда 27 мамыр мен 20 маусым аралығында 20 мектеп бойынша 2 ауысымда 2250 бала ыстық тамақпен, 450 бала ыстық тамақсыз мектеп жанындағы тынығу лагерьлері ұйымдастырылады. Барлығы 2700 бала ата-ана және демеушілер есебінен демалады.

Мұнан бөлек Шымкент қаласындағы «Балдәурен» республикалық лагеріне 50 баланы, Қызылорда қаласындағы «Ai-Kerim» білім беру сауықтыру орталығына 83 баланы, Жаңақорған ауданы «Талдысу» облыстық олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына 100 бала жіберіледі. Бұл бағытта аз қамтылған отбасы балалары ата-аналар, демеушілер мен меценаттар қолдауымен қамтылмақ.

Сондай-ақ облыстық квота есебінен республикалық Қонаев және Түркістан қалаларындағы «Балдәурен» оқу-сауықтыру орталығына және Алматы қаласындағы «Бөбек» лагеріне ұлттық ғылыми-практикалық сауықтыру орталығына 47 баланы жіберу жоспарланған. Жазғы демалыс кезінде облыстан тыс танымдық экскурсияларда ұйымдастырылады. Атап айтқанда, Жент және Түркістан қалаларына ата-ана есебінен 2920 бала барады. Жалпы биыл жазғы демалыс шараларымен 6352 баланы қамту жоспарланып отыр.

**Сезім НҰР**

## Бәрекелді!



# ЖАЙНА
## 129 БАЛЛ ЖИНАДЫ

**Адам өмірінде армандар асқақ болған сайын, оған бастар жол да биік мақсаттармен өріледі. Сол армандардың ақиқатқа айналуы табандылық пен тынымсыз еңбектің, ұстаз бен шәкірт арасындағы сенімнің жемісі екені анық. Жалағаш ауданына қарасты Мәдениет ауылындағы І.Қабылов атындағы №32 мектеп-лицейдің 11-сынып оқушысы Жайна Тілепбергенқызының ұлттық бірыңғай тестілеуден 129 балл жинауы – қажырлы еңбектің жарқын көрінісі.**

Бұл жетістік тек бір күннің немесе бір жылдың нәтижесі емес. Бұл – бала арманына айналған мақсаттың, ата-ана үмітінің, ұстаздардың маңдай терінің және шәкірттің қайсарлығының тоғысқан тұсы. Жайна Мұқан мектеп қабырғасында жүрген кезінен-ақ зеректігімен, білімге деген құштарлығымен ерекшеленді. Әсіресе жаратылыстану бағытындағы пәндерге қызығушылығы ерте оянды. Оның химия пәніне деген сүйіспеншілігі мектептегі ұстазы Мархабат Мұстафаеваның жетекшілігімен жаңа белестерге жол ашты.

Жайна республикалық деңгейдегі білім додаларында бірнеше мәрте топ жарып, ауыл оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың химия пәнінен аудандық кезеңде І орын, облыстық кезеңде ІІ орын иеленді. Ал республикалық қорытынды кезеңде алтын және күміс медальдарға қол жеткізіп, өз білімінің жоғары деңгейін дәлелдеді. Сонымен қатар жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде де І орын иегері атанды. Бүгінде осы еңбектің нәтижесі ретінде ұлттық бірыңғай тестілеуден 129 балл жинап, аудан мерейін асқақтатты.

**«Арманым – ақ халатты абзал жан атану»**

Жайна болашақ мамандығын таңдауда да жүрек қалауына сүйенген.

– Менің таңдаған пәндерім – биология мен химия. Болашақта медицина саласының маманы болуды армандаймын. Адам өміріне араша түсетін дәрігер болу – бала күнімнен бергі мақсатым. ҰБТ-ға дайындықты 10-сыныптың ақпан айында бастадым. Ал бес пән бойынша толық дайындықты 11-сыныптың қыркүйек айынан қолға алдым. Әр күн сайын өзіме нақты жоспар құрып, уақытты тиімді пайдалануға тырыстым, – дейді озат оқушы.

Оның айтуынша, жоғары нәтиже көрсету үшін тек білім жеткіліксіз. Ең бастысы, табандылық пен тұрақтылық.

– Кейде шаршаған сәттер болды. Бірақ алға қойған мақсатым мені әрдайым жігерлендіріп отырды. Ата-анамның сенімі, ұстаздарымның қолдауы үлкен күш берді. Әсіресе химия пәнінен олимпиадаларға қатысып, тәжірибе жинақтау ҰБТ кезінде көп көмегін тигізді, – дейді ол.

**Жетістік – үздіксіз еңбектің жемісі**

Жайна жетістігінің артында Мархабат Мұстафаеваның да өлшеусіз еңбегі жатқанын айтады. Сөзінше, ұстазы шәкіртінің бойындағы қабілетті ерте байқаған.

– Жайна – білім алуға ынтасы жоғары, жауапкершілігі мол оқушы. Ол сабаққа әрдайым тыңғылықты дайындалып келеді. Жаңа тақырыптарды тез меңгеріп, алған білімін тәжірибеде тиімді қолдана біледі. Оның есте сақтау қабілеті жоғары, логикалық ойлауы жақсы дамыған. Күрделі тапсырмаларды талдап, тиімді шешім қабылдай алады, – дейді ұстазы.

Мархабат апайдың айтуынша, шәкіртінің бүгінгі жетістігі кездейсоқ емес.

– Біз Жайнамен 7-сыныптан бастап химия пәні бойынша олимпиадаға дайындала бастадық. Сол уақыттан бері оның білімге деген құштарлығы мен ізденімпаздығы бір сәт те бәсеңдеген емес. Әр олимпиада сайын тәжірибесі артып, нәтижесі жақсарып отырды. Екі жыл қатарынан республикалық олимпиадада жеңімпаз атанып, алтын және күміс медаль иеленуі – үлкен еңбек пен төзімнің нәтижесі, – дейді ол.

Ұстаз үшін шәкірт жетістігінен асқан қуаныш жоқ. Мұны Мархабат апай да жоққа шығармады.

– Баланың жетістікке жеткенін көру – ұстаз еңбегінің ең үлкен марапаты. Жайна әрдайым мақсатынан таймайтын, еңбекқор оқушы ретінде ерекшеленді. Сондықтан оның жоғары нәтиже көрсететініне сенімді болдым, – дейді ұлағатты ұстаз.

Білікті педагог шәкірт тәрбиелеумен қатар өз кәсіби біліктілігін арттыруға да ерекше мән береді. Ол аудандық және облыстық семинарларда тәжірибесімен бөлісіп, әріптестері арасында өз ісінің шебері ретінде танылып келеді.

Көптеген аудандық және облыстық олимпиадаларда оның шәкірттері жүлделі орыннан көрініп жүр. Ұстаздың айтуынша, сапалы білім беру үшін ең алдымен мұғалімнің өзі үнемі ізденіс үстінде болуы қажет.

– Білім беру саласы күн сайын жаңарып келеді. Сондықтан ұстаздың да тоқтаусыз ізденуі маңызды. Әр жетістік жаңа жауапкершілік жүктейді. Біз шәкірттеріміздің арманына жол ашу үшін аянбай еңбек етуіміз керек, – дейді ол.

**Үмітке толы болашақ**

Жайна бүгінде мемлекеттік грант иегері атанып, медицина саласында білім алуды мақсат етеді. Оның арманы – ел денсаулығына қызмет ететін білікті дәрігер болу.

Жас түлектің жетістігі ауыл мектебінде білім алып жүрген мыңдаған оқушыға үлгі болары сөзсіз. Себебі үлкен армандардың бастауы ауылдан, қарапайым мектеп партасынан басталатынын Жайнаның жетістігі тағы бір мәрте дәлелдеп отыр.

Білімге деген құштарлық, ұстазға деген құрмет, еңбекке деген адалдық бар жерде алынбайтын асу болмайды. Жайна Тілепбергенқызының 129 балдық нәтижесі – осының айқын дәлелі.

Жалағаш жұрты білім бәйгесінде бағы жанған жас түлекке алдағы мемлекеттік грант байқауында сәттілік тілейді. Ал ұстазы Мархабат Мұстафаеваның қажырлы еңбегі шәкірт жеңісімен әрдайым еселене бермек.

**Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА**

## Еңбек адамы

# КИІЗ БАСУДЫҢ ШЕБЕРІ

**Сезім НҰР**

**Киіз басу өнері – ертеден келе жатқан асыл дәстүр. Бүгінде оны ұмыт қалдырмай, әлі күнге дейін киіз басып жүрген аналарымыз бар. Мәселен, Жаңаталап ауылындағы Сәрсенкүл Шанжарханова ұлттық құндылықты кейінгі ұрпаққа үйретіп, қолөнердің маңыздылығын арттырып келеді. Кейіпкеріміз секілді жандардың арқасында бүгінде бұл өнер жанданып, өз күшін жоймай отыр.**

– Сандуғаш хабарласып «апа, ауылға ауданнан тілшілер келіп жатыр, сізбен жолығып, қолөнеріңізбен танысады» деген соң жас күнімде басқан киіздің бірін сарайдан шығарып дайындап жатырмын. Өздерің білетіндей, қазір заман талабына сай бұл киізді үйіне ешкім пайдаланбайды. Күн жылығанда аулаға қараүй тігіп, сонда төсейтінмін. Қазір қараүй құрмағалы да бірнеше жыл болды. Сонда да кезінде өз қолымнан шыққан қолөнер ғой деп, киізді тастамай сақтап жүрмін, – деп бастады анамыз әңгімесін.

Сарайынан алып шыққан ескі киізін аулаға жайып, бір бұрышына жайғасып алған соң, өзімізді таныстырып, әрі қарай әңгімемізді өрбіттік. Киіз ескілеу болғанымен, бояуы кетпеген, сол қалпында тұр. Кейіпкеріміздің оны көзінің қарашығындай сақтағанын осыдан-ақ аңғардық.

Сәрсенкүл ана бала күнінен қолөнерге жақын болған. Жастайынан анасының жанында жүріп, кесте тігу, құрақ құраудың қыр-сырын меңгерген бойжеткен шағынан бері ұлттық өнерді жанына серік еткен. Мектеп бітірген соң тігін тігу ісі бойынша арнайы оқу оқыған ол – бүгінде киіз басудың шебері.

Кейіпкеріміз киіз басудың өзіндік ерекше әдістері мен жұмыс барысында жүзеге асатын үрдістері барын айтты. Мәселен, бұрын қай үйде киіз басылса, сол үйдің жас келініне ерекше мән берілген, яғни «жас келінді мінезі сабырлы, жүрегі кең, отбасының ұйытқысы болсын» деген ниетпен киіздің ортасына отырғызған. Киіз талай тепкі мен ыстық буға төтеп беріп, шымырланып, мықты болып шықса, «келін де өмірдің сынақтарына мойымай, шыдамды, төзімді, ибалы болсын» деп ырымдаған. Бұл дәстүр арқылы аналар жас келінге сенім артып, ақ батасын беріп, «осы үйдің ырысы мен ынтымағын сақтайтын жан бол» деген ізгі тілегін жаудырған.

Кейіпкеріміздің айтуынша, киіз басу кезінде келіншекті басылып жатқан киіздің ортасына отырғызу терең мағыналы, тағылымды дәстүрдің бірі болған. Бұл – жай ғана ырым емес, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тәрбиелік мәні зор ғұрып. Ол мұнан бөлек киіз басып жатқан кезде сырттан бөтен адамды кіргізуге болмайтынын айтады, яғни есікті жауып, киізді жылы жерде басқан. Бұл – киіздің іріп кетпей, бірігуі үшін және өзге адамның көзі тимес үшін жасалатын үрдіс.

– 21 жасымда осы шаңыраққа келін болып түсіп, киіз басудың қыр-сырын енемнен үйрендім. Сол кісімен бірге көрші-қолаң, ағайын туыстың үйіне көмекке барып, талай киіз бастық. Абысындарымызбен бірге күн сайын киіз басатынбыз. Киіз басу үшін шиге салу, шабақтау, бет тарту, су себу, тебу, булау, білектеу, қарпу секілді тәсілдер қолданылады. Мен көбіне киізді шабақтау кезеңімен айналыстым, яғни жүнді біркелкі етіп жайып, оны арнайы құралмен ұрғылап тығыздайтынмын. Бірде көрші келіншектің үйінде ауылдың жас келіндері жиналып киіз бастық. Ол үйдегі енеміз қаталдау кісі болатын. Мен әдеттегідей киізді шабақтап, оюын салдым. Енелеріміздің көмегінсіз тек жас келіндер жағы алғаш рет басқасын болар, киіздің бір жағы дұрыс бірікпей, енемізден сөз естігенбіз. Жіппен қайтып көктеп, киізді қайта кіріктіріп, сол кезде бір басқан киізді екі рет бастық. Мұнан бөлек жақында ғана ақкырлық аналармен бірге «Руханият орталығына» арнап, киіз басқан болатынбыз. Шыны керек, барлығымыз киіз басуды сағынып қалыппыз. Бұрынғы күндерді еске алып, мәз-мейрам болдық. Жас күніміздегідей күш-қуатымыз болмаса да, бар өнерімізді салдық. Жалпы түсіне білген адамға қай жағынан алып қарасаңыз да киіздің пайдасы мол, – дейді ол.

Кейіпкеріміз енесінен кілем тоқуды да меңгерген. Айтуынша, қазіргі таңда өзі тоқыған кілемін үлкен келіні Гүлназ өз үйінде пайдаланып жүр. Ол – бүгінде 5 ұл, 1 қыздың анасы, 13 немеренің әжесі. Үлкен келініне қолөнердің қыр-сырын, киіз басудың әдіс-тәсілін үйретіп келеді.

Ол бұрын әр үйдің төрінде киіз бен кілем тұратынын, ал қазір киіз басу өнері қалыс қалғанын айтады. Осы олқылықтың орнын толтыру үшін өзі секілді қолөнерден қол үзбеген ауыл аналарымен бірге жас келіндерге киіз басу өнерін дәріптеп, ісмерлікпен айналысатын аналар қатарын арттыруда.

Үй шаруасымен қатар бала-шағаның қамы үшін түздің де жұмысын алған кейіпкеріміз бұрын сауыншы қызметін де абыроймен атқарған. Таңмен таласа оянған оның жұмыс уақыты 5-те басталып, сағат 7-ге дейін арнайы құрылғының көмегімен 2 сағаттың ішінде 30-ға жуық сиыр сауған.

Мұнан бөлек ақжаулықты анамыз – ауылдағы «Асыл аналар» ансамблінің белді мүшесі. 22 жылдан бері аталған ансамбльде өнер көрсетіп, халық әндері мен дәстүрлі өнерімізді дәріптеп келеді. Себебі ол – ұлттық қолөнердің жанашыры. Аядай ғана ауылда киіз басу өнерін қалыс қалдырмай, ұлттық өнерді ұлықтап, ісмерлікпен айналысатын аналарымыз бар. Барлығында ортақ бір мақсат, киіз басу өнерін кейінгі буынға үйрету.

Жастардың бойына ұлттық құндылықтарды дәріптеп, үйретуден жалықпайтын аналарымыз – тәрбиенің қайнар көзі. Себебі олар киіз басу барысында жастарға қолөнердің әдіс-тәсілін үйретіп қана қоймай, үлкенге құрмет көрсетуді, бірлік пен татулық секілді қасиеттерді дәріптеп, еңбекке баулиды. Ал бұл дәстүр ауылда аналар мен келіндердің татулығын арттырып келеді. Сондықтан олардың жас ұрпақтың бойына сіңірген тәрбиесінің тағылымы мол.



Жұмабек Әбжәмилов – 70 жыл

# ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМГЕР

**Бір мекемеде, яғни аудандық газетте жеті жыл бірге қызмет етіп, бір қазанда қайнап, қиындығы мен қызығын бірге көрген әріптесім, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, марқұм Жұмабек Әбжәмиловтың жарқын бейнесі, адал қызметі, адами қасиеттері көз алдымда. Мен білетін Жұмекең жүрегі жұмсақ, жанашыр, жеті рет өлшеп, бір рет кесіп, байыпты байламын айтатын, байсалды, парасатты жан болатын.**

Жетпісінші-сексенінші жылдары аудандық газетте қаламы жүрдек, өндіріп жазатын журналистің бір топ шоғыры қалыптасты. Сол кездегі газет редакторы Зордан Салықбаев, Мырзамұрат Ілиясов, Тұрсынбай Тәшенов, Мәлік Аяпов, Ізбасар Мұстафаев, Ахмет Тілеулиев, Бексейт Шайланов кез келген саланы қамтып қалам тербейтін, жазу стилі қалыптасқан журналистер еді. Солардың қатарында Жұмабектің де аудандағы еңбек, өнер адамдары жайлы жазылған мақала, корреспенденциялары, очерктері бірінен соң бірі басылым бетінде жарияланып жатты. Ол кез келген мақаланы керекті деректер жинап, асықпай зерттеп-зерделеп жазатын және ол тақырыпқа қайтып соқпайтын. Газеттегі еңбек жолын радио хабарын ұйымдастырушы болып бастады. Кейін қарым-қабілетімен көзге түсіп, жауапкершілік жүгін көтеріп, сектор меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін абыроймен атқарды.

Ел арасында «оймен жұмыс жасап, шығармашылықпен айналысатын өнер адамдарының көпшілігі аңғал келеді» деген сөздер бекер айтылмаса керек. Жұмыс бабымен асығып, үнемі ой үстінде жүретін Жұмекең сөзге сенгіш, аңғалдау еді.

Сөзімізге тұздық болсын, бір мысал келтірейін. Аптаның жұма күні газет шығарып, материал дайындап жатқанбыз. Тілшілер отыратын бөлмеден жауапты хатшы бөлмесінде отырған Жұмабек Әбжәмиловқа телефон шалып, өзімді Калинин (қазіргі Бұқарбай батыр ауылы) совхозы жұмысшылар комитетінің төрағасы Ким Чан Ен деп таныстырдым. Сосын шырылдаған дауысын салып, бүгін совхозда кәсіподақтың үлкен жиыны өтіп, оған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қатысқанын, күн тәртібінде бірнеше мәселе қаралғанын жеткіздім. Тосыннан түскен ақпаратты жазып үлгере алмай жатқан жауапты хатшы «Аға, мына сөзді қайталап жіберіңізші» дейді тұтқаның арғы жағынан. «Әй, сен өзің қандай журналиссің, айтып тұрғанды жаза алмайтын. Тездетіп дайындап, осы нөмірге беріңдер, мұны хатшының өзі қадағалайды» деп тұтқаны тастай салдым. Содан не керек, газеттің кезекті нөмірін дайындап отырған Жұмекеңді тосыннан соғылған қоңырау әбден састырып, тілшілер бөлмесіне ентігіп кіріп келді. Сосын маған қарап «Сәке, Калинин совхозында бірінші хатшының қатысуымен кәсіподақтың үлкен жиыны өтіпті, соны дереу осы нөмірге дайындап берші» деді.

– Жоқ, дайындамаймын.

– Неге?

– Себебі ол жиын болған жоқ.

Жұмекең аң-таң, ал әріптес ініміздің адал, аңғырттығына тағы бір куә болған журналистер ду күліп, көңілдері көтеріліп қалды. Жүрегі жұмсақ Жұмекеңнің сол сенгіш, аңғалдығынан шығар, редакция, баспахана ұжымы оны «Ой, Қожанасыр» деп әзілдейтін. Бірақ ол ұжымдастарының сол әзіліне ренжіп көрген емес.

Отан отбасынан басталады. Жоғары оқу орнында оқып, журналист мамандығын алып шыққан Жұмекең мамандық таңдаудан да, өмірлік жар таңдаудан да жаңылған жоқ. Көңіл жарастырып, отбасылық өмірге қадам басқан жұбайы, ұлағатты ұстаз Алмаш екеуі жұрт сүйсінерлік жарасымды жұп болды. Қашан барсаң да, есігі ашық, үйінен қонақ үзілмейтін. Әріптес болған соң отбасында бірнеше рет қонақ болып, Алмаштың берекелі дастарқанынан дәм татып, тілек айтып, батамызды беріп қайтқанбыз. Сондағы байқағаным, олардың ерлі-зайыпты болып бір-біріне ренжіп ұрысып, ыдыс-аяқтың сылдырлап жатқанын көрмеппіз. «Аузын ашса, жүрегі көрінетін аңқылдаған азаматқа Алла тағала Алмаштай ақылды, адал жарды кездестірген екен ғой» деп сырттай сүйсініп, қызыға қарайтынбыз.

Бала деген – бауыр етің, көз қуанышың. Жұмекеңнің тағы бір қасиеті, балаға жақын, бауырмал болатын. Ол кезде балалары жас еді. Жалғыз қызы Жәзираны «Гүлім» деп еркелетіп, Мәнсұр мен Асылханды (Ол кезде Нұржұма дүниеге келмеген) қолғанатым, еліміздің азаматтары ғой» деп үмітін үкілеп отыратын.

Ол үй шаруасына да, бала тәрбиесіне де бейім, қолынан іс келетін жігіт еді. Жұбайы Алмаш жұмыстан келгенше балаларын жуындырып, киіндіріп, ойнатып, жағдайын сұрап, баламен балаша әңгімелесетін. Тіпті таңертең жұмысқа келіп, үйіне телефон соғып «Алмаш, балалар тұрды ма?» деп сұрап жатқанын талай естідік. Міне, дүниеге келген көз қуаныштарының денсаулығына алаңдап, тәрбиесіне көңіл бөлген, болашағын ойлаған асқар таудай қомқор әке дәл осындай болса керек.

Тіл-көз өтті ме екен, кім білсін, соңғы жылдары Жұмекеңнің денсаулығы сыр бере бастады Алматыға барып, тексеруден өтіп, ем-домын алып келген оған дәрігерлер жауапкершілігі аз тілшілік жұмысқа ауысу керектігін бірнеше рет ескертті. Бірақ жұмыс десе жаны жай таппайтын ол денсаулығына мән бермей, жауапты хатшы қызметін жалғастыра берді. Өкінішке орай сол



келдің кесірінен 1991 жылы 7 мамыр күні аяулы дос, абзал азаматтың жүрегі мәңгілікке тоқтады.

Адам баласы қашанда ұрпағымен мың жасайды. Шүкір, ұл-қыздары ер жетіп, өмірден өз орнын тапты. Солардан тараған, өсіп-өніп жатқан ұлағатты ұрпақтарымен өмір жалғасып келеді. Өмірден ерте кетсе де, артында өшпес із қалдырған қаламгердің шығармалары насихатталып жүр. 2023 жылы Дина Мирманованың құрастыруымен талантты журналистің публицистикалық шығармалары мен замандастарының естеліктері топтастырылған «Халқы сүйген қаламгер» атты кітабы жарық көрді. Бірнеше рет мектеп оқушылары арасында Ж.Әбжәмиловтың шығармалары жайлы ғылыми жобалар қорғалды. Өмір айдынында бірге жүзген осындай азаматтар көзден кеткенмен елге жасаған қызметі, бойдағы ерекше қасиеттері көңілден кетпейді. Қарымды қаламгердің ғибратқа толы ғұмыры – кейінгі ұрпаққа өнеге.

**Серік БЕРТАЕВ,**
**ардагер-журналист**

Сақтансақ, сақтайды

# СУ АЙДЫНДАРЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК БАСТЫ НАЗАРДА БОЛСЫН

**Жаз мезгілінде тұрғындардың су айдындарында демалуы жиілейді. Алайда қауіпсіздік талаптарын сақтамау қайғылы жағдайларға әкелуі мүмкін. Сондықтан әр азамат судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң ұстануы қажет.**




Су айдындарындағы негізгі қауіпсіздік ережелеріне келсек, бірінші кезекте тек арнайы белгіленген және рұқсат етілген орындарда шомылу керек. Балаларды су айдындарына ересектердің қарауынсыз жіберуге болмайды.

Мас күйінде суға түспеу керек, өйткені бұл – өрескел қателік, тіпті мұның соңы адам шығынымен аяқталуы мүмкін.

Белгіленбеген жерлерден суға секірмеу қажет. Қатты ағысты және тереңдігі белгісіз жерлерде шомылу да қауіпті. Ал қайықпен серуендеу кезінде құтқару кеудешесін пайдалану қажет. Су айдындарының маңында қауіпсіздік белгілері мен талаптарын сақтау бәрінен маңызды.

Балалардың қауіпсіздігіне ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Ата-аналар мен заңды өкілдер балаларды үнемі бақылауда ұстап, оларға судағы қауіпсіздік қағидаларын түсіндіріп отыруы қажет.

Судағы қауіпсіздік ережелерін сақтау – адам өмірі мен денсаулығын қорғаудың басты кепілі. Өз өміріңізге және жақындарыңыздың қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастырайық.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

# Туған жерді түлету – ортақ парыз



**Жаңаталап ауылдық округінде соңғы жылдары ел еңсесін тіктеткен бірқатар игі іс жүзеге асып, көптен бері қордаланған мәселелердің түйіні тарқатыла бастады. Атап айтқанда, мемлекеттік грант негізінде өз ісін ашқан кәсіпкерлердің қатары көбейіп, ауыл тіршілігіне жаңа серпін беретін түрлі бағыттағы бастамалар бой көтеріп келеді. Дегенмен атқарылар шаруа әлі де аз емес. Елдің көңілінде жүрген түйткілдер мен жүйелеуді қажет ететін мәселелер бар екені анық. Ата-бабадан мирас болып қалған қасиетті мекенді көркейту, жердің берекесін арттыру – әрбір азаматтың ардақты парызы. Сондықтан туған жердің бүгінін баянды етіп, халықтың қуанышын еселеп, ел мүддесіне адал қызмет ету – менің өмірлік ұстанымым әрі басты бағдарым.**

Кейде ауыл ішін аралап жүріп, немесе тұрғындармен сөйлескен кезде «Осы жердің жағдайын қалай жақсартуға болады, әлі де қандай үлес қоса аламын?» деген сұрақ жиі туындайды. Осы ой мені нақты жоспар құруға әкелді.

Ауылдың бүгінгі тыныс-тіршілігімен етене танысып, ел ішіндегі әрбір отбасының жағдайын көзбен көріп, көңілмен түйсіну – мен үшін азаматтық міндет. Өйткені ауылдың дамуы қағаздағы жоспардан бөлек халықпен бірге атқарылған нақты іспен өлшенеді. Осы себепті кез келген бастама ең алдымен елдің шынайы мұқтажынан бастау алуы тиіс деп білемін.

Осы мұқтаждықтардың ішінде ауыл экономикасын көтерудің негізгі тетігі – шағын және орта бизнесті дамыту. Туған жерде еңбек етемін деген азаматқа жол ашу, жас кәсіпкердің талабын қолдау, жергілікті өндіріс пен қызмет көрсету саласын кеңейту – ауылдың тіршілігін жандандыратын басты бағыттың бірі. Бұл тек экономикалық өсім ғана емес, жаңа жұмыс орындарының да кепілі екені рас.

Экономикамен қатар ауылдың рухани келбеті де маңызды орын алады. Себебі елдің рухы мен болмысы оның мәдени өмірінен көрінеді. Осы тұрғыда ауылдық клуб ғимаратын жаңадан салу – жай нысан тұрғызу емес, ауылдың рухани кеңістігін жаңғырту, жастарға мәдени орта қалыптастырудың төте жолы. Ал руханият пен халықтың тұрмыс сапасының қатар дамуы үшін ең алдымен күнделікті өмірге тікелей әсер ететін инфрақұрылымдық мәселелер шешілуі қажет. Көшелердің жағдайы, ауызсу жүйесінің сапасы, аяқсу каналдарының реттелуі – қарапайым көрінгенімен, халықтың күнделікті өмір сапасын айқындайтын негізгі факторлар. Бұл жұмыстар жүйелі түрде кезең-кезеңімен атқарылуы тиіс.

Сонымен бірге ауыл дамуы тек ішкі ресурспен шектеліп қалмауы керек. Туған жерден жырақта еңбек етіп жүрген азаматтардың әлеуетін ортақ іске жұмылдыру, олардың тәжірибесі мен қолдауын бір арнаға тоғыстыру арқылы ауылдың дамуына жаңа серпін бере аламыз.

Ауылдың бүгінгі тіршілігін көзбен көргенде ең алдымен аңғарылатын нәрсе заманмен бірге қадам басу үшін инфрақұрылым мен байланыс сапасының әлі де маңызды мәселе болып тұр. Қазіргідей цифрлық дәуірде интернет сапасын жақсарту – ерекше маңызға ие екені айтпаса да айқын дүние. Білім алудан бөлек кәсіп жүргізу, тіпті мемлекеттік қызметтерді пайдалану, ақпарат алмасуда дәл осы желінің көмегіне арқа сүйеп қалатынымыз бар. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Билайн» байланыс жүйесін орнатуға, жылдамдығын арттыруға жұмыс жасаймын.

Тағы бір жиі айтылатын, бірақ күнделікті өмірге тікелей әсер ететін мәселе – азық-түлік бағасының тұрақтылығы. Баға өзгерісі халықтың қалтасына салмақ салады. Сондықтан нарықтағы тепе-теңдік пен әділдіктің сақталуы ауыл адамдары үшін өте маңызды. Осы екі бағыттың барлығы түптеп келгенде ауыл экономикасының жағдайына келіп тіреледі. Экономика тұрақты болса, өмір де бір қалыпқа түседі.

Ауыл ішіндегі күнделікті тыныштық пен тазалық та әрдайым назарда болуы керек. Учаскелік полициямен бірлесе жұмыс істеу, «Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру, көшелерді көгалдандыру мен көркейту жұмыстары ауылдың келбетін жақсартуға тікелей әсер етеді. Бұл істер – сырт көзге ұсақ көрінгенімен, шын мәнінде елдің өмір сапасын айқындайтын маңызды дүние. Сондықтан мұны әрқайсысымыздың ортақ жауапкершілігіміз деп білу қажет.

Мен үшін халық сенімі мен аманатынан асқан жауапкершілік жоқ. Өйткені ел сенімі – кез келген қызметтің ең басты бағасы әрі адам еңбегінің нақты өлшемі. Сондықтан ауыл тұрғындарының талап-тілегі мен ұсынысын әрдайым басты назарда ұстап, олардың пікірін мұқият тыңдап, нақты шешім қабылдауға ұмтыламын. Қоғамдағы әрбір өзекті мәселені уақытында анықтап, оны шешу жолында жүйелі әрі нәтижелі жұмыс жүргізуді өзімнің негізгі міндетім деп білемін.

Ашықтық, әділдік және жауапкершілік – менің басты ұстанымым. Осы қағидаларды сақтай отырып, елмен бірге еңбек ету, халықтың сенімін ақтау – ең үлкен мақсатым. Әрбір бастаманың нәтижесі халықтың өмір сапасына тікелей әсер ететіндіктен, кез келген істі байыппен қарап, салмақты шешім қабылдауға тырысамын.

Ауылдың дамуы, әлеуметтік жағдайдың жақсаруы және тұрғындардың әл-ауқатының артуы жолында білімім мен күш-жігерімді жұмсауға дайынмын. Еліміздің ертеңі үшін адал еңбек ету – мен үшін үлкен абырой.

**Куаныш АБДИКАЛЫКОВ,**
**Жаңаталап ауылдық округі әкіміне үміткер**

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

# Ауылды дамыту – кемел келешек негізі



**Туған жердің қадірін алыста жүріп емес, сол ауылдың топырағын басып, шаңын жұтып өскен адам ғана терең түсінеді. Әрбір бұлақтың сыңғыры, әрбір көшенің ізі, әрбір үйдің түтіні бала күннен санаға сіңіп, туған жерге деген ерекше сезімді қалыптастырады. Сол себепті Жалағаш өңірінің қай ауылы болса да мен үшін бөтен емес, әрқайсысы ортақ тарихтың, ортақ тағдырдың бір бөлшегі болып саналады. Әрбір елді мекеннің тынысы, әрбір шаңырақтың жағдайы, әр отбасының болашаққа деген үміті мені бейжай қалдырмайды.**

Жаңаталап ауылының бүгінгі ахуалы да менің назарымнан тыс қалған емес. Шалғайда орналасқанына қарамастан, бұл ауылдың әлеуеті зор, мүмкіндігі мол. Жерінің құнары, еңбекқор халқы, ауыл тіршілігіне бейімделген өмір салты оның басты артықшылығы болып табылады. Алайда уақыт ағымымен бірге шешімін күткен бірқатар әлеуметтік және экономикалық мәселе де айқындала түсті. Осы түйткілдерді саралай отырып, ауылдың дамуына бағытталған нақты көзқарас пен бағдарлама әзірлеу қажеттілігі туындады.

Ауылдың басты байлығы оның жері мен адам еңбегі екені сөзсіз. Ауылдағы негізгі тіршілік көзі саналатын егін және мал шаруашылығы саласын дамыту негізгі міндеттің бірі болып қала береді. Жердің берекесін арттыру, су ресурстарын тиімді пайдалану, аяқсудың үздіксіз әрі әділ бөлінуін қамтамасыз ету, су арналарының тазалығын сақтау және жайылым жерлерді ұтымды игеру ауыл экономикасының тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Су бар жерде тіршілік бар екені белгілі, сондықтан ауыл шаруашылығының дамуы ең алдымен осы табиғи ресурстардың дұрыс басқарылуына байланысты.

Ауыл тұрғындарының негізгі бөлігін еңбек адамдары құрайды. Олар маңдай терімен күн көріп, өз еңбегінің жемісін адал жолмен тауып отыр. Осындай еңбек адамдарын қолдау, олардың шаруашылығын кеңейтуге мүмкіндік беру, заманауи технологияларды енгізуге жағдай жасау ауылдың дамуына серпін береді. Шаруа адамының еңбегі ақталса, ауылдың берекесі артып, тұрмыс деңгейі көтеріледі.

Мемлекеттік бағдарламалар мен гранттық қолдауларды тиімді пайдалану арқылы шағын және орта бизнесті дамытуға болады. Кәсіп ашқан адам тек өз отбасын ғана емес, тұтас ауыл экономикасын дамытуға үлес қосады. Жергілікті өндіріс, қызмет көрсету саласы және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу ісі дамыған жағдайда жұмыссыздық деңгейі төмендеп, халықтың табысы артады.

Ауылдың дамуы тек экономикамен шектелмейді. Әлеуметтік инфрақұрылым да ерекше мәнге ие. Ауыл ішіндегі жолдардың сапасы, жарықтандыру жүйесі, қоғамдық орындардың жағдайы, тұрғын үйлердің инфрақұрылымдық қамтылуы халықтың өмір сапасына тікелей әсер етеді. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жоспарланып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы қажет. Әрбір атқарылған іс халықтың күнделікті өмірінде сезілуі тиіс.

Тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруда ауызсу мәселесі де негізгі орын алады. Таза ауызсуға қолжетімділік әрбір азаматтың құқығы әрі негізгі қажеттілігі деп білемін. Сондықтан су жүйелерін жаңғырту, құбырларды ретке келтіру және судың сапасын бақылау тұрақты түрде жүргізілуі тиіс. Бұл бағыттағы жұмыстардың нәтижесі ауыл халқының денсаулығына және жалпы өмір сапасына тікелей әсер ететіні анық.

Ауыл жастары елдің болашағы болып табылады. Сол себепті жастарға ерекше көңіл бөлу қажет. Олардың білім алуына, кәсіби дамуына, спортпен және өнермен айналысуына жағдай жасау маңызды. Спорт алаңдарының салынуы, мәдени үйірмелердің жұмыс істеуі, түрлі шығармашылық орталардың ашылуы жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік береді. Тәртіпті, білімді және белсенді жастар ауылдың дамуына жаңа серпін берері сөзсіз.

Білім беру саласы да ауылдың болашағын айқындайтын негізгі фактордың бірі болғандықтан бейжай қарауға болмайды. Ауыл баласының қала баласынан еш кем болмауы үшін сапалы білім беру жүйесі қамтамасыз етілуі тиіс. Мектептердің материалдық базасын нығайту, заманауи оқу құралдарымен қамтамасыз ету, мұғалімдердің біліктілігін арттыру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуі қажет. Білімді ұрпақ қана елдің ертеңін жарқын ете алады.

Ауылдың көркі оның тазалығы мен абаттандырылу деңгейімен өлшенеді. Көшелердің таза болуы, ағаштардың отырғызылуы, қоғамдық орындардың реттелуі тұрғындардың мәдени деңгейін көрсетеді. Осы бағыттағы жұмыстар әрбір азаматтың қатысуымен жүзеге асуы тиіс. Туған жерге жанашырлық көрсету әр адамның міндеті болып саналады.

Рухани және мәдени даму да – ауыл өмірінің ажырамас бөлігі. Сол себепті мәдениет ошақтарының мардымды жұмыс істеуіне, түрлі іс-шаралардың ұйымдастырылуы, ұлттық құндылықтардың насихатталуына баса назар аударамын.

Қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіп те – маңызды бағыттың бірі. Тұрғындардың тыныштығын қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтың алдын алу, учаскелік қызметпен бірлесіп жұмыс жүргізуге айрықша көңіл бөлемін. Тыныш ауылда ғана берекелі тіршілік орнайды.

Мен үшін бұл тек сайлау емес, ауылға адал қызмет етудің нақты көрінісі. Егер халық сенім білдірсе, ауылдың дамуы үшін бар күш-жігерімді жұмсап, барлық мүмкіндігімді осы іске арнауға дайынмын. Әрбір бастаманың түпкі мақсаты халықтың өмір сапасын жақсарту болуы тиіс. Ауыл дамыса, ел дамиды, еңсесі көтерілсе, халықтың да рухы көтеріледі. Сондықтан ортақ мақсат жолында бірлесіп еңбек ету керек. Жаңаталап ауылын өркендету жолында бірлік пен ынтымақ басты күш болатынына сенемін.

**Бексұлтан ЕРМАХАН,**
**Жаңаталап ауылдық округі әкіміне үміткер**

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

**Сайлаушылардың назарына!**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 28-бабының 4-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының Ақсу және Жаңаталап ауылдық округінің әкімдеріне кандидаттардың сайлаушылармен

**КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ**

| № | Кандидаттың тегі, аты, әкесінің аты | Кездесу өткізілетін орын | Кездесудің өткізілетін күні | Кездесудің өткізілетін уақыты |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ерсұлтанов Ақтан Еңбекұлы | Ақсу ауылдық округі, Ақсу ауылы, Тұршабек Елеусінов көшесі №14, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№116 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. | 15.06.2026 жыл | сағат 11:00 |
| 2 | Оспанқұлов Сейілбек Қалдыбекұлы | | | |
| 3 | Сығайбаев Мейрамбек Серікұлы | | | |
| 1 | Абдикалыков Куаныш Боранбекович | Жаңаталап ауылдық округі, Жаңаталап ауылы, Әбжәлел Қожабаев көшесі №21, Қызылорда облысының білім басқармасының Жалағаш ауданы бойынша білім бөлімінің «№119 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты. | 16.06.2026 жыл | сағат 10:00 |
| 2 | Ермахан Бексұлтан Ғалымбекұлы | | | |
| 3 | Мамытов Жандос Мұстафаұлы | | | |

**Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы**

**2026 жылдың II жартыжылдығына Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі**

| Тегі, аты, әкесінің аты | Лауазымы | Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты | Қабылдау жүргізу орны | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|---|
| Байгазиев Руслан Жаксылыкович | Жалағаш ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы | Жұмыс күндері 10:00-ден 17:00-ге дейін | Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Желтоқсан көшесі №32 Каб №1 | +7 (72431) 31-2-88 |

*
**Қабылдауға жазылу** +7 (72431) 31-2-88 **телефоны және ugd.zhalagash@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.**

**График приема физических лиц и представителей юридических лиц руководством Управления государственных доходов по Жалагашскому району на II-полугодие 2026 года**

| Ф.И.О. | Должность | Дата и время приема граждан | Место приема государственного органа | Контактный телефон |
|---|---|---|---|---|
| Байгазиев Руслан Жаксылыкович | Руководитель Управления государственных доходов по Жалагашскому району | Рабочие дни с 10:00 по17:00 | р. Жалагаш, пос Жалагаш, ул. Желтоксан, №32, Каб №1 | +7 (72431) 31-2-88 |

***Запись на прием осуществляется по телефонам:** +7 (72431) 31-2-88 **и через электронную почту: ugd.zhalagash@kgd.gov.kz**

# ТАБИҒАТ – ОРТАҚ БАЙЛЫҚ

**5 маусым – Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні. Табиғаттың үнсіз тіліне құлақ түретін, Жер-Ананың жанайқайын сезінетін, адамзаттың ортақ жауапкершілігін еске салатын айтулы күн. «Руханият» орталығында салтанатты шара ұйымдастырылып, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға үлес қосып жүрген азаматтарға құрмет көрсетілді. Бұдан бөлек Мырзабай ахун кесенесі аумағында абаттандыру жұмыстары жүргізіліп, аумақ ретке келтірілді.**



Бүгінгі қоғамда экологиялық мәселе тек табиғатты қорғау шеңберінде ғана емес, ұлттық қауіпсіздік, қоғамдық мәдениет және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік деңгейіне көтеріліп отыр. Сондықтан табиғатқа көзқарас мемлекеттің даму бағытымен тікелей сабақтас. Осы орайда аудан орталығында ұйымдастырылған шара – жай ғана мерекелік жиын емес, экологиялық сананы қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Шарада табиғатты қорғау ісіне үлес қосқан азаматтар мен белсенді жастар марапатталып, олардың еңбегі қоғам алдында лайықты бағаланды. Шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті.

– Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай аудан әкімінің қатысуымен тарихи-мәдени нысан Мырзабай ахун кесенесі аумағында экологиялық акция өтті. Аудан әкімі өздеріңізге құттықтауын жеткізді. Бұл күн – табиғатты қорғау ісіне жауапкершілікпен қарап, қоршаған ортаның тазалығы мен экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында еңбек етіп жүрген азаматтардың жұмысына құрмет көрсететін ерекше мереке. Бүгінде ортақ еңбектің арқасында ауданның экологиялық ахуалы жақсарып, қоршаған ортаға деген жауапкершілік мәдениеті қалыптасуда. Баршаңызға зор денсаулық, амандық, отбасыларыңызға бақ-береке, еңбектеріңізге табыс тілеймін, – деді аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов.

Соңғы жылдары ауданда қоршаған ортаны қорғау бағытында бірқатар жүйелі жұмыс атқарылуда. Елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру, санитарлық тазалықты сақтау мәселелері тұрақты назарға алынған. Бұл жұмыстардың басты ерекшелігі, оның тек науқандық сипатта емес, тұрақты үрдіске айналуында.

Қоғамның экологиялық мәдениеті бір күнде қалыптаспайды. Ол – ұзақ жыл бойы қалыптасатын сана. Адам баласының табиғатқа деген көзқарасы оның тәрбиесімен, білімімен және өмірлік тәжірибесімен тығыз байланысты. Сондықтан атқарылған әрбір тазалық акциясы – ертеңгі ұрпақтың санасын қалыптастыратын маңызды қадам. Ел ішінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасының идеалық өзегі де осы бағытпен астасып жатыр. Аталған акция бұған дейін қаншама бастамада аудан жұртын бір мүддеде біріктіріп жүр. Бұл да сол бастаманың үлгілі жалғасындай.

Бұл жолы Мырзабай ахун кесенесі назарға алыныпты. Күннің аптап ыстығына қарамастан аудан ардагерлері де қалыс қалмаған. Ерікті жастардың белсенділігін де көзіміз шалды. Киелі орынның аумағын абаттандыру тек санитарлық шара ғана емес, тарихи-рухани мұраға деген құрметтің белгісі деп бағамдадық. Мұндай киелі орындар ұлттың тарихи санасын қалыптастыратын маңызды кеңістік болып табылады. Сондықтан оны күтіп ұстау – өткенге құрмет, бүгінге жауапкершілік және болашаққа аманат. Аталған шараға аудан әкімі Ардақ Ибраимов қатысып, киелі жерлерді сақтау мен қорғаудың маңыздылығына ерекше тоқталды.

Бүгінде ауданда республикалық және жергілікті маңызы бар 71 тарихи және мәдени ескерткіш тіркелген. Бұл дерек аймақтың тарихи тереңдігін және мәдени қабатының байлығын көрсетеді. Соның ішінде Мырзабай ахун кесенесі «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында өңірлік қасиетті нысандар тізіміне енгізілген.

– Бүгінгі шара тек өткенге деген құрмет қана емес, сонымен бірге кейінгі жас ұрпаққа үлгі боларлық сипатта өрбіді. Бұл арқылы тек тарихты еске алып қоймай, жастарға дұрыс бағыт беретін тәрбиелік мән де қалыптастырдық деп ойлаймын. Табиғатты сақтау, оны ластамау және келешек ұрпаққа таза күйінде жеткізу ісіне немқұрайлы қарамауымыз керек, – дейді «Невада-Семей» қозғалысының төрағасы Жұматай Қорғанбаев.

Аудан талай тұлға табан тіреп, ізі қалған өлке екені белгілі. Тарихқа кенде емес бұл өңірдің әрбір белесі мен мекені өткеннің үнін сақтап тұр. Тарихи орындар да, киелі ескерткіштер де жеткілікті. Бүгінгі шара сол бай мұраның, сол рухани сабақтастықтың бір ғана көрінісі іспетті. Сондықтан қолда бар тарихи-мәдени ескерткіштер мен қасиетті орындарды күтіп ұстау ісі алдағы уақытта да үзілмей, жалғасын таба бермек. Өйткені дәл осындай құндылықтарды көздің қарашығындай сақтап, оларды насихаттау арқылы жастардың туған жерге деген құрметін арттыруға болады. Бүгінгі шара да сол мақсатты табиғатпен үндестірген игі бастаманың жалғасы болды. Алдағы уақытта аудан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен қасиетті орындарды сақтау, қорғау және абаттандыру бағытындағы жұмыстар жалғаса береді. Өйткені тарихи мұра ұлттың баға жетпес қазынасы, ал оны сақтау әрбір азаматтың ортақ парызы болып саналады.

**Гүлжан ЕСЖАН**

# ЖАҢАТАЛАПТЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫ НАҚТЫ ІСПЕН ҚАЛЫПТАСАДЫ



Мен ауылда туып-өстім. Сондықтан ауыл өмірінің қуанышы мен қиындығы, елдің тұрмыс-тіршілігі, қарапайым халықтың мұң-мұқтажы маған жақсы таныс. Жалағаш ауданының қай ауылы болсын, оның тынысы мен тағдыры мені бейжай қалдырмайды. Соның ішінде шалғайда орналасқан Жаңаталап ауылдық округінің бүгінгі жағдайы мен болашағы да мен үшін аса маңызды.

Жаңаталап – еңбекқор адамдар мекендеген, берекесі мен бірлігі жарасқан ауыл. Алайда уақыт талабына сай шешімін күткен мәселелер де аз емес. Ауылдың инфрақұрылымын жетілдіру, халықтың тұрмыс сапасын арттыру, жастарға қолайлы орта қалыптастыру, ауыл шаруашылығын дамыту секілді маңызды міндеттер әлі де өзекті болып отыр. Алдағы саяси науқанға қатысу арқылы мен осы мәселелердің оң шешімін табуға үлес қосамын. Сайлаушылар сенім артқан жағдайда бар күш-жігерімді ауылдың дамуына бағыттаймын.

Жаңаталап ауылдық округінің негізгі күнкөрісі – егін және мал шаруашылығы. Сондықтан ауыл экономикасын дамыту ең алдымен осы салаларды қолдаудан басталады. Алдағы уақытта аяқсу мәселесін шешу бағытында тиісті мекемелермен жүйелі жұмыс жүргіземін. Каналдар мен арықтарды тазалау, жөндеу және қажетті жерлерді қайта қазу жұмыстарын қолға алуға ықпал етемін. Су ресурстарын тиімді пайдалану арқылы егістік көлемін сақтап қана қоймай, оның өнімділігін арттыруға күш саламын. Сонымен қатар мал шаруашылығын дамыту үшін жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану мәселесіне басымдық беріледі. Төрт түліктің өрісін кеңейтуге, мал азығын дайындауға қолайлы жағдай жасауға ықпал етемін. Егін шаруашылығын әртараптандыру да басты назарда болады. Күрішпен қатар бақша өнімдерін көбейтуге жағдай жасап, тұрғындардың қосымша табыс көзін қалыптастыруға қолдау көрсетіледі. Бұл бір жағынан ауыл халқының әл-ауқатын арттырса, екінші жағынан азық-түлік бағасының тұрақтылығына оң әсер етеді.

Мемлекет басшысы халықтың тұрмыс сапасын арттыруды басты міндеттің бірі ретінде айқындады. Бұл бағыттағы ең маңызды мәселенің бірі – жұмыспен қамту. Қазіргі таңда ауыл тұрғындарының барлығын әлеуметтік салаға жұмысқа орналастыру мүмкін емес. Сондықтан халықтың кәсіппен айналысуына жол ашу қажет деп есептеймін. Алдағы уақытта мемлекеттік бағдарламалар арқылы жеңілдетілген несие алу, қайтарымсыз гранттарға қатысу, кәсіпкерлік негіздерін оқыту бағытындағы жұмыстарды күшейтуге ықпал етемін. Әсіресе жастар мен көпбалалы отбасылардың кәсіп бастауына қолдау көрсетуді маңызды міндет санаймын. Ауыл тұрғындарына мемлекеттік қолдау тетіктерін түсіндіру үшін тұрақты түрде ақпараттық кездесулер ұйымдастыруға күш саламын. Нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылып, ауылдағы жұмыссыздық деңгейі төмендейді. Халықтың табысы артып, ауыл экономикасының дамуына серпін беріледі.

Дені сау ұлт қана бәсекеге қабілетті мемлекет қалыптастырады. Сондықтан бұқаралық спортты дамыту – маңызды міндеттің бірі. Жаңаталап ауылында заманауи спорт кешенінің салынуына қолдау көрсетіп, тиісті мемлекеттік бағдарламаларға енгізілуіне ықпал етемін. Сонымен қатар спорт алаңдарын жаңарту, балалар мен жастардың спорт секцияларына тұрақты қатысуына жағдай жасау бағытында жұмыс жүргіземін. Ауыл жастарының бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін аудандық және ауылішілік спорттық жарыстардың санын арттыруға қолдау көрсетемін. Бұл бастамалар тұрғындардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қай қоғамның да болашағы – білімді ұрпақтың қолында. Сондықтан ауыл балаларының сапалы білім алуына жағдай жасау – басты міндеттердің бірі. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту, оқушылардың қосымша білім алуына мүмкіндік жасау, пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысуын арттыру бағытындағы бастамаларды қолдаймын. Сонымен қатар жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында демеушілерді тарта отырып, түрлі танымдық және сауықтыру шараларын өткізуге күш саламын. Жастардың білім мен ғылымға қызығушылығын арттыру арқылы ауылдың ертеңін қалыптастыратын білікті мамандар тәрбиелеуге үлес қосамын.

Тазалық – өркениетті қоғамның айнасы. Сондықтан ауылдың көркеюі әр тұрғынның жауапкершілігінен басталады. Осы бағытта «Таза Қазақстан» экологиялық акциясын жоғары деңгейде ұйымдастыруға атсалысамын. Ауыл көшелерін тазалау, ағаш отырғызу, көгалдандыру жұмыстарын жүйелі жүргізуге күш саламын. Тұрғындарды ортақ іске жұмылдырып, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыруға ерекше назар аударамын.

Ауыл тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету – күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе. Сондықтан елді мекендегі ауызсу жүйесін жаңғыртуға қатысты жобалардың жүзеге асуына қолдау көрсетемін. Инженерлік желілердің тозуын азайтып, тұрғындардың тәулік бойы таза ауызсу пайдалануына жағдай жасауға күш саламын. Бұл тұрғындардың денсаулығын сақтауға және тұрмыс сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ауылдың мәдени өмірін дамыту – қоғамның рухани дамуының негізі. Сондықтан Жаңаталап ауылында жаңа мәдениет үйінің салынуына қолдау көрсету – бағдарламамның маңызды бағытының бірі. Мәдениет үйі өнерге бейім балалардың қабілетін шыңдап, шығармашылық үйірмелердің жұмысын жандандырады. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды дәріптейтін мәдени шаралардың тұрақты өткізілуіне мүмкіндік береді. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстарға ерекше көңіл бөлінеді.

Жаңаталаптың жарқын болашағын қалыптастыру – ортақ мақсат. Ауылдың дамуы бір адамның емес, барша тұрғынның бірлігі мен еңбегінің нәтижесінде жүзеге асады. Егер сайлаушылардың қолдауына ие болсам, әрбір тұрғынның пікіріне құлақ асып, көтерілген мәселелердің шешімін табуға күш саламын.

**Жандос МАМЫТОВ,**
**Жаңаталап ауылдық округі әкіміне үміткер**

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

# АҚСУДЫҢ ЕРТЕҢІНЕ ЕҢБЕК ЕТЕМІН



Мен үшін Ақсу ауылы – қасиетті мекен. Осы ауылдың әрбір көшесі, әрбір шаңырағы маған таныс. Сондықтан ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, күнделікті мәселелері мен болашаққа деген үміті де маған етене таныс. Бүгінгі таңда Ақсу ауылын жаңа даму кезеңіне бастайтын нақты қадам қажет. Елдің әл-ауқатын арттыру, инфрақұрылымды жетілдіру, жастарға мүмкіндік жасау, ауыл келбетін жаңарту – уақыт талабы. Осы мақсатты жүзеге асыру жолында мен өзімнің сайлауалды бағдарламамды ұсындым.

Кез келген елді мекеннің дамуы ең алдымен оның инфрақұрылымының сапасына байланысты. Тұрғындардың күнделікті өміріне қолайлы жағдай жасау үшін жолдардың жай-күйі мен көшелердің жарықтандырылуы маңызды. Алдағы жылдары ауыл ішіндегі сапасы сын көтермейтін көшелерді кезең-кезеңімен жөндеуге күш саламын. Бұл бағытта аудандық және облыстық деңгейдегі бағдарламаларға қатысып, қажетті қаржы көздерін тартуға ықпал етемін. Сондай-ақ ауыл тұрғындарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында көшелерді жарықтандыру мәселесіне ерекше назар аударылады. 2027-2028 жылдары Ақсу ауылының ішкі көшелеріндегі және ауылға кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы жарықшамдарын толық жаңғырту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіледі.

Қоғамның мәдени және рухани дамуы әлеуметтік нысандардың жағдайымен тығыз байланысты. Сондықтан ауыл тұрғындарының мәдени өмірін жандандыру, жастардың шығармашылық әлеуетін дамыту – басты міндеттің бірі. Осы мақсатта ауылдық мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мәселесін көтеріп, оның заманауи талаптарға сай жаңаруына күш саламын. Жаңартылған мәдениет ошағы ауыл тұрғындарының бас қосатын, өнер мен руханияттың орталығына айналуы тиіс. Сонымен қатар балалардың сапалы тәрбие мен білім алуына қолайлы жағдай жасау маңызды. Осыған байланысты мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде типтік жобадағы заманауи бөбекжай-бақша салу үшін кәсіпкерлермен және инвесторлармен келіссөз жүргіземін. Жас ұрпақтың қауіпсіз әрі жайлы ортада тәрбиеленуі әрдайым басты назарда болады.

Ақсу ауылы тұрғындарының басым бөлігі егін шаруашылығымен айналысады. Сондықтан аяқсу мәселесі ауыл халқы үшін ерекше маңызға ие. Бұл бағытта аяқсу жүйелерін ретке келтіру, су арналары мен арықтарды тазалау, оларды қалпына келтіру жұмыстары қолға алынады. Тиісті мекемелермен бірлесе отырып, су жеткізу мәселесін шешудің тиімді жолдарын қарастырамын. Ауыл шаруашылығының дамуы халық табысының артуына тікелей әсер етеді. Сондықтан әрбір шаруашылыққа өз жерін тиімді игеріп, мол өнім алу үшін қажетті жағдай жасау басты – міндеттің бірі.

Қазақ халқы ежелден туған жердің тазалығын қастерлеген. Таза әрі көрікті ауыл тұрғындардың өмір сапасын жақсартып қана қоймай, келешек ұрпаққа деген жауапкершіліктің көрінісі болып саналады. Сондықтан Ақсу ауылын көгалдандыру және көркейту жұмыстарын тұрақты ұйымдастыруға басымдық беремін. Ағаш отырғызу, санитарлық тазалық шараларын өткізу, қоғамдық орындарды абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Сонымен бірге ауыл тұрғындарының сұранысына сәйкес балалар ойын алаңы, спорт алаңы мен демалыс орындарын салу үшін демеушілер мен кәсіпкерлерді тартуға нақты жұмыс жасаймын. Біз ауылды бірге көркейтсек қана оны келешек ұрпақ мақтан тұтатын мекенге айналдырамыз.

Халықтың тұрмыс деңгейін көтерудің басты жолы – тұрақты жұмыс пен табыс көзін қалыптастыру. Осы бағытта мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдалану арқылы шағын және орта бизнесті дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Жұмыссыз азаматтарға гранттар мен жеңілдетілген пайызбен несиелер алу бойынша жан-жақты қолдау көрсетіледі. Әсіресе жастардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау маңызды. Жас буынның өз кәсібін ашуына, жаңа идеяларын жүзеге асыруына және ауылда тұрақты еңбек етуіне барлық мүмкіндік жасауға күш саламын. Өйткені еңбекқор әрі кәсіпкер жастар – ауылдың экономикалық дамуының қозғаушы күші.

Қазір қоғамда халық пен билік арасындағы сенім ашықтық пен әділдік арқылы қалыптасады. Сондықтан тұрғындардың әрбір ұсынысы мен өтініші назардан тыс қалмайды. Мен халықпен тұрақты кездесу өткізіп, маңызды мәселелерді бірге талқылауды басты ұстанымым деп білемін. Әрбір шешім елдің мүддесін ескере отырып қабылдануы тиіс. Ауыл әкімінің басты міндеті – кабинетте отырып басқару емес, халықтың ортасында жүріп қызмет ету. Мен дәл осы қағиданы басшылыққа аламын.

Басты міндет – Ақсу ауылын келешек ұрпаққа мақтанышпен табыстайтын деңгейге жеткізу. Бұл жолда бір адамның емес, ауыл тұрғындарының ынтымағы мен бірлігі қажет. Менің мақсатым – халықтың сенімін ақтау, тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту және Ақсуды дамыған, көркейген, таза әрі жайлы ауылға айналдыру. Егер бірлесе еңбек етіп, ортақ мақсат жолында жұмыла білсек, Ақсу ауылының ертеңі бұдан да жарқын болады. Туған жеріміздің гүлденуі – бәріміздің ортақ жеңісіміз. Сіздердің қолдауларыңыз – осы игі бастамалардың жүзеге асуына жол ашатын ең үлкен күш.

**Мейрамбек СЫҒАЙБАЕВ,**
**Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер**

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

# АУЫЛ ДАМЫСА, АЛҒА БАСАМЫЗ



Туған жердің топырағына табаны тиіп өскен әр азаматтың жүрегінде ауылға деген ерекше сағыныш пен сүйіспеншілік болады. Себебі ауыл – адамның кіндік қаны тамған қасиетті мекені, өмірге деген көзқарасы қалыптасқан алғашқы мектебі. Мен де ауылда туып, ауылда өсіп, ауылдың ыстық ықыласы мен қарапайым тіршілігінің ортасында есейдім. Сондықтан қай ауылдың мәселесі болса да маған таңсық емес. Ауылдың қуанышы мен қиындығын, тұрғындардың тұрмыс-тіршілігін, олардың күнделікті кездесетін түйткілдерін жақсы түсінемін. Соның ішінде Ақсу ауылының тыныс-тіршілігі маған етене таныс. Бұл ауылдың өткені де, бүгіні де көз алдымда. Мұнда еңбекқор адамдар тұрады, болашаққа сеніммен қарайтын жастар өсіп келеді. Дегенмен уақыт ағымымен бірге шешімін күткен мәселелер де аз емес. Сондықтан жинаған азды-көпті тәжірибемді, білімім мен күш-жігерімді туған өлкемнің өркендеуіне арнағым келеді.

Алдағы саяси науқан – мен үшін жай ғана сайлау емес, үлкен жауапкершілік. Бұл – бір ауылдың келесі төрт жылдағы тағдырына, тұрғындардың әл-ауқатына, елді мекеннің дамуына тікелей ықпал ететін маңызды кезең. Халықтың сеніміне ие болу мәртебе болса, сол сенімді ақтау – азаматтық парыз. Мен осы жауапкершілікті терең сезіне отырып, ауылдың ертеңі үшін нақты жоспарларымды әзірледім.

Қай кезеңде болсын елдің мұң-мұқтажын тыңдап, халықпен ашық әрі шынайы жұмыс жүргізу – басшының басты міндеті. Өйткені ауылдың мәселесін ауыл тұрғындарынан артық ешкім білмейді. Сондықтан менің басты ұстанымым – халықпен бірге болу, олардың ұсыныс-пікіріне құлақ асып, әр мәселенің шешімін тұрғындармен бірлесе отырып қарастыру.

Ауылдың болашағы кабинетте емес, халықпен етене араласу арқылы қалыптасады. Әр тұрғынның өтініші мен ұсынысы назардан тыс қалмайды. Себебі елдің игілігі үшін жасалатын әрбір жұмыс халықтың сұранысынан бастау алуы тиіс.

Қазіргі таңда ауыл тұрғындарын алаңдататын негізгі мәселелердің бірі – жұмыссыздық. Тұрақты табыс көзі болмаса, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мүмкін емес. Сондықтан ауылда жаңа жұмыс орындарының ашылуына барынша ықпал ету негізгі міндеттің бірі болады. Мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы кәсіпкерлікті дамытуға қолдау көрсетіледі. Шағын және орта бизнес нысандарының көбеюі ауыл экономикасының дамуына серпін береді. Жаңа өндіріс орындары мен қызмет көрсету саласының дамуы тұрғындарды жұмыспен қамтуға мүмкіндік жасайды. Ең бастысы, жастардың туған ауылынан кетпей, өз жерінде еңбек етіп, табыс табуына жағдай жасау. Өйткені ауылдың болашағы – жастардың қолында.

Кез келген елді мекеннің даму деңгейі оның инфрақұрылымының сапасымен өлшенеді. Сондықтан ауыл ішіндегі жолдардың жағдайын жақсарту – күн тәртібінен түспейтін маңызды мәселе. Кейбір көшелердің жол сапасы тұрғындардың орынды наразылығын туғызады. Болашақта сапасы сын көтермейтін көшелерді кезең-кезеңімен күрделі жөндеуден өткізуге күш салынады. Сонымен қатар көше жарығын көбейту, электр желілерінің тұрақты әрі сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері де басты назарда болады. Жақсы жол – ауыл тұрғындарының қауіпсіздігі мен қолайлылығының кепілі. Ал жарық көшелер – ауылдың ажарын арттырып қана қоймай, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Ауылдың гүлденуі тек мемлекеттік қолдауға ғана байланысты емес. Бұл – ауылдан түлеп ұшқан азаматтардың да ортақ міндеті. Осы бағытта «Туған жерге тағзым» тұжырымдамасын тиімді жүзеге асыру маңызды. Елден шыққан кәсіпкерлер мен азаматтарды ауылдың әлеуметтік жобаларына тарту арқылы көптеген игі бастамаларды жүзеге асыруға болады. Мектептерге қолдау көрсету, қоғамдық орындарды абаттандыру, мәдени және спорттық нысандар салу – туған жерге деген жанашырлықтың нақты көрінісі. Сонымен қатар ауылдың тазалығы мен көркеюі әр тұрғынның азаматтық жауапкершілігіне айналуы тиіс. Көгалдандыру жұмыстарын жүргізіп, көшеттер отырғызу, қоғамдық орындарды таза ұстау арқылы ауылдың ажарын аша аламыз.

Ел ертеңі – жастар. Сондықтан олардың сапалы білім алып, бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасау аса маңызды. Ауылда балалар мен жасөспірімдерге арналған ойын алаңдары мен демалыс орындарының санын арттыру қажет. Заманауи саябақтар мен қоғамдық кеңістіктер жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге жастардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған мәдени және зияткерлік жобаларға басымдық беріледі. Себебі білімді, белсенді әрі отаншыл жастар – елдің ең үлкен байлығы.

Жастарды қолдау тек сөз жүзінде емес, нақты іс арқылы жүзеге асуы тиіс. Мемлекеттік бағдарламалар аясында қайтарымсыз грант, жеңілдетілген пайызбен несиелер алуға мүмкіндік жасап, өз кәсібін бастауға ниетті жастарға бағыт-бағдар беріледі. Бүгінде еңбек етемін деген адамға мүмкіндік жеткілікті. Ең бастысы, сол мүмкіндікті тиімді пайдалану. Кәсіпкер жастар көбейген сайын ауыл экономикасы да қарқынды дамиды. Бұл бағытта оқыту семинарлары мен кәсіпкерлік негіздерін үйрететін арнайы жобаларды ұйымдастыруға басымдық беріледі.

Қоғамның тұрақтылығы мен бірлігі рухани құндылықтармен тығыз байланысты. Сондықтан ауылдағы қоғамдық-саяси ахуалды тұрақты ұстап, ұлттық дәстүрлерді насихаттау маңызды міндеттердің бірі болып қала береді. Ұлттық мерекелерді жоғары деңгейде өткізу, жастарға ата-баба мұрасын дәріптеу, мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыру арқылы ауыл тұрғындарының бірлігі мен ынтымағын нығайтуға болады. Бірлігі бекем елдің ғана болашағы жарқын болады. Сондықтан ауыл тұрғындарын ортақ мақсат жолында біріктіру – басты міндет.

Мен үшін әрбір дауыс – болашаққа берілген сенім. Әрбір сенім – үлкен жауапкершілік. Сол сенімді ақтау үшін аянбай еңбек етуге дайынмын.

**Сейілбек ОСПАНҚҰЛОВ,**
**Ақсу ауыдық округі әкіміне үміткер**

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

# АУЫЛДЫ ДАМЫТУ – ОРТАҚ МІНДЕТ



Алдағы саяси науқан маған үлкен жауапкершілік жүктейді. Өйткені халықтың сеніміне ие болу – мәртебе ғана емес, зор міндет. Ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру, жастарға мүмкіндік жасау, әлеуметтік мәселелердің оң шешімін табу және елді мекеннің дамуына үлес қосу – басты мақсатым. Осы жолда нақты жоспар мен жүйелі жұмыстар арқылы Ақсу ауылдық округінің дамуына қызмет етуді көздеймін.

Кез келген елді мекеннің дамуы тұрғындардың тұрмыс сапасымен өлшенеді. Егер халықтың табысы тұрақты болып, жұмыссыздық деңгейі төмендесе, ауылдың да еңсесі биік болады. Сондықтан ең алдымен тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға ерекше көңіл бөлу қажет деп есептеймін.

Жұмыссыздық мәселесі – тек экономикалық емес, әлеуметтік мәселе. Тұрақты жұмысы жоқ адамның болашаққа деген сенімі әлсірейді. Ал жастардың туған ауылынан жыраққа кетуінің басты себебінің бірі де осы. Бұл ретте мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндігін тиімді пайдалану маңызды. Әсіресе кәсіп ашуға ниетті азаматтарға қолдау көрсету, олардың өз кәсібін бастауына жағдай жасау – уақыт талабы. Төмен пайызды несиелер мен қайтарымсыз гранттардың ауыл тұрғындарына қолжетімді болуына ықпал ету арқылы жаңа жұмыс орындарының ашылуына жол ашуға болады. Ауылдағы әрбір жаңа кәсіп – бірнеше отбасының табыс көзі. Сондықтан кәсіпкерлікті дамыту арқылы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартып қана қоймай, елді мекен экономикасының нығаюына да үлес қоса аламыз.

Қазіргі таңда кәсіпкерлік қоғамның қозғаушы күшіне айналып отыр. Елдің экономикалық әлеуетін арттыруда шағын және орта бизнестің орны ерекше. Ақсу ауылында да кәсіпкерлікті дамытуға мүмкіндік мол. Мал өнімдерін өңдеу, жылыжай шаруашылығы, қызмет көрсету саласы, қолөнер және өзге де бағыттар бойынша көптеген жобаны жүзеге асыруға болады. Алдағы уақытта кәсіпкерлікпен айналысқысы келетін азаматтарға қажетті ақпараттық қолдау көрсетіп, мемлекеттік бағдарламаларға қатысуына ықпал етемін. Әсіресе жастардың жаңа бизнес идеяларын жүзеге асыруына қолдау көрсету маңызды.

Ауылдың көркеюі ең алдымен оның инфрақұрылымынан байқалады. Сапалы жол, жарық көшелер, таза ауызсу және әлеуметтік нысандар тұрғындардың өмір сапасына тікелей әсер етеді. Бүгінде Ақсуда шешімін күтетін инфрақұрылымдық мәселелер бар. Соның бірі – ішкі көшелердің жағдайы. Сондықтан алдағы уақытта жол сапасын жақсарту бағытындағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуіне күш саламын. Сапалы жол халықтың қатынасын жеңілдетіп қана қоймай, ауыл экономикасының дамуына да ықпал етеді. Сондықтан бұл мәселе әрдайым басты назарда болады.

Ұлттың болмысы мен рухани келбеті мәдениет арқылы қалыптасады. Сондықтан мәдениет саласын дамыту – маңызды міндет. Қазіргі таңда Ақсуда заман талабына сай жаңа мәдениет үйі қажет. Болашақта ауылдық клуб немесе мәдениет үйінің салынуына ықпал ету – басты мақсатым. Жаңа мәдениет ошағы жастардың бос уақытын тиімді өткізуіне, өнерге баулуына және шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. Мұнда түрлі үйірмелер жұмыс істеп, талантты жастардың қанат жаюына жағдай жасалады.

Ақсудың негізгі тіршілік көзі – ауыл шаруашылығы. Жергілікті тұрғындардың басым бөлігі егін және мал шаруашылығымен айналысады. Сондықтан бұл саланың дамуына ерекше көңіл бөлу қажет. Алдағы уақытта аяқсу мәселесінің шешімін табуына күш салып, шаруалардың су тапшылығын сезінбеуіне жағдай жасауға атсалысамын. Әсіресе егінмен айналысатын ауыл үшін оның маңызы ерекше. Су мәселесінің оң шешілуі өнім көлемінің артуына және халық табысының көбеюіне мүмкіндік береді.

Қазақтың атакәсібі – мал шаруашылығы. Сондықтан бұл саланы жаңа деңгейге көтеру – уақыт талабы. Алдағы уақытта төрт түлік санын көбейтуді мақсат еткен азаматтарға мемлекеттік қолдау шараларын тиімді пайдалануға ықпал етемін. Төмен пайызбен несие мен гранттарға қол жеткізу бағытындағы жұмыстарды күшейту қажет. Сонымен қатар мал басын асылдандыру арқылы өнім сапасын арттыру маңызды. Бүгінгі нарық тек санды емес, сапаны талап етеді. Сондықтан мал шаруашылығында заманауи тәсілдерді енгізуге басымдық беріледі.

«Бірінші байлық – денсаулық» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтқан емес. Сондықтан ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызмет алуына ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Алдағы уақытта медициналық қызмет сапасының жақсаруына ықпал етіп, созылмалы аурулармен есепте тұрған азаматтардың тегін дәрі-дәрмекпен толық қамтамасыз етілуін бақылауда ұстаймын.

Таза ауылда тәртіп те, береке де болады. Ақсудың гүлденуі әр тұрғынның жауапкершілігіне байланысты. Сондықтан ауылда тұрақты түрде сенбіліктер ұйымдастырып, көркейту-көгалдандыру жұмыстарын жүйелі жүргізуге күш саламын.

Кез келген бастаманың табысты болуы халықтың ауызбіршілігіне байланысты. Бірлік пен ынтымақ бар жерде алынбайтын асу болмайды. Ақсудың жарқын болашағы үшін ауыл тұрғындарымен бірге еңбек етуге дайынмын. Елдің мұңын тыңдап, халықтың ұсыныс-пікірін назарға алып, ортақ мақсат жолында қызмет етемін. Біздің басты мұратымыз – келешек ұрпаққа дамыған, көркейген, берекелі ауыл қалдыру. Сол жолда әрбір бастама нақты нәтижеге бағытталуы тиіс. Бірлігіміз бекем, ынтымағымыз жарасқан жағдайда ауылымыздың болашағы бұдан да жарқын болатынына кәміл сенемін. Сондықтан Ақсудың өркендеуі жолында бірге еңбек етіп, ауылымызды жаңа белестерге жетелеймін.

**Ақтан ЕРСҰЛТАНОВ,**
**Ақсу ауылдық округі әкіміне үміткер**

**Қаржысы облыс бюджетінің қаражатынан төленді**

**Байқау**

# ТАЛАНТТАР ТОҒЫСҚАН ДОДА

*Облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы мен Аққұм ауылдық клубының ұйымдастыруымен «Өнерлі бала» атты облыстық балалар шығармашылығы байқауы Сыр өңірінің мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан әнші-ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қаракөз Ақдәулетованың 70 жылдық мерейтойына арналды. Байқаудың басты мақсаты – өнер иесін жас ұрпаққа өнеге етіп, мәдениет саласындағы ерен еңбегін насихаттау.*




Қаракөз Ақжігітқызы – қазақ өнерінің дамуына сүбелі үлес қосқан дара тұлға. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, «Құрмет» ордені мен «Шапағат» медалінің иесі ел мәдениетінің өркендеуіне қызмет етті. 1956 жылы 3 наурызда Сырдария ауданының Иіркөл ауылында дүниеге келген өнер иесі Қызылорда педагогикалық институты мен Алматы мемлекеттік консерваториясында білім алып, қазақтың бұлбұл әншісі Бибігүл Төлегеновадан тәлім алған. Ғұмырының соңына дейін облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығындағы балалар студиясына жетекшілік етіп, облыстық филармонияда вокал бойынша репетитор қызметін атқарған ұлағатты ұстаз көптеген дарынды шәкірт тәрбиеледі. Оның баптаған жас өнерпаздар әлемнің әр түкпірінде өткен халықаралық байқауларда топ жарып, Қазақстанның мерейін үстем етті.

Табиғи талантымен ерекшеленген Қаракөз Ақжігітқызы қазақ және шетел композиторларының классикалық шығармалары мен романстарын өзіндік нақышпен орындап, көрермен жүрегінен орын алды. Әсіресе балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға ерекше көңіл бөліп, облыс көлемінде алғаш рет кәсіби өнерге баулитын балалар студиясын ашуы – оның мәдениет тарихында қалған үлкен мұрасы.

Сыр мәдениетінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан өнер майталманының өнегелі жолы мен өшпес еңбегі – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Оның тәрбиесін көрген шәкірттері мен артында қалған рухани мұрасы ұлттық өнердің шамшырағы болып қала береді.

– Талай талант түлеткен, өнер мен жырдың қасиеті дарыған киелі мекенге қош келдіңіздер! Бұл өңірден жырау Байділда Сәрсенов, Ібан Аралбаев, Қылышбай Бисенов, Гүлзат Көбекова сынды елге танымал азаматтар түлеп ұшқан. Осындай өнерлі тұлғалардың ізін жалғайтын жас дарындардың бүгін осы сахнада өнер көрсетуі – үлкен мақтаныш. Бұл шараның тағы бір ерекше маңызы бар. Бүгінгі өнер мерекесі көп жыл бойы мәдениет саласына, соның ішінде өңіріміздің халық шығармашылығын дамытуға өлшеусіз үлес қосқан ардақты анамыз, мәдениет майталманы Қаракөз Ақдәулетованың 70 жылдығына орай ұйымдастырылып отыр. Бүгінгі байқаудың басты кейіпкерлері – біздің балаларымыз. «Өнерлі бала – елдің ертеңі» дейді халқымыз. Сахнаға алғаш қадам басып, бағын сынағалы тұрған кішкентай таланттарымыздың қадамына сәттілік тілеймін, – деді ауыл әкімі Алтынбек Асанбеков.

Аққұм ауылында өткен облыстық байқауда 17 қатысушы өнер көрсетті. Олар жас ерекшеліктеріне қарай 8-10 және 11-13 жас болып екі топқа бөлінді. Байқау талаптарына сай әр қатысушы кез келген тақырыпта бір ән орындады. Қатысушылардың өнерін Қызылорда облысының халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының бөлім меңгерушісі Бағдагүл Есмурзаева, Қаракөз Ақдәулетова атындағы балалар студиясының жетекшісі, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің оқытушысы Жадыра Белгібаева және Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінің әдіскері Динара Өтеш бағалады.

Алғаш сахна төріне 8-10 жас аралығындағы қатысушылар шықты. Нәтижесінде Шиелі ауданының Сұлутөбе ауылынан келген Айсұлу Құрманбаева бас жүлдені қанжығасына байлады. Ал аққұмдық Аягөз Молданияз I орынға лайық деп танылды. Арал ауданының Аманөткел ауылынан келген Жасмина Нұржаусынқызы II орын иеленсе, Қармақшы ауданының Ақтөбе ауылынан келген Бекасыл Мырзабек пен Қызылорда қаласының өнерпазы Айкөркем Абзалқызы III орынды өзара бөлісті. Сонымен қатар Қызылжарма ауылынан қатысқан Томирис Қайратқызы арнайы жүлдемен марапатталды. Мұнан бөлек байқауда үздік өнер көрсеткені үшін Қазалы ауданының Басықара ауылынан келген Ерсұлтан Қуантай мен Сырдария ауданының Қалжан ахун ауылының өнерпазы Шұғыла Ғалымжанқызы да арнайы марапатқа ие болды.

Өнерлілер сайысында топ жарған Айсұлу Құрманбаева 10 жаста, ол өнер әлемінде өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып келеді. Алты жасынан бастап сахнаға шығып, түрлі байқауларға қатысып жүр. Өнерге жақын отбасында тәрбиеленген бүлдіршіннің әкесі бірнеше аспапта ойнайды. Ал әпкесі – әнші. Ес білгенннен соған қарап еліктеп өскен ол да әпкесінің ізін жалғауды мақсат еткен. Бүгінде оның репертуарында онға жуық ән бар. Айсұлудың алғашқы жетістігінің бірі – «Бозторғай» балалар шығармашығы байқауынан жүлделі орын иеленуі.

Байқаудың ең жас әрі талантты қатысушысы – сегіз жасар Жасмина Нұржаусынқызы. Оның өнер жолы балабақша сахнасында орындалған «Аяулы анашым» әнімен басталған. Айта кетейік, Жасмина бұл байқауға алғаш рет қатысып отыр. Осы уақытқа дейін ауылдық мәдениет үйі мен мектеп қабырғасындағы мерекелік шараларда өнер көрсетіп жүрген жас әнші болашақта үлкен сахналарда өнер көрсеткісі келеді.

11-13 жас аралығындағы қатысушылар арасындағы дода да тартысқа толы болды. Өз өнерлерін ортаға салып, әншілік шеберліктерін паш еткен жас таланттардың ішінен Қызылорда қаласының өнерпазы Айсұлтан Ұзақбай үздік шығып, байқаудың бас жүлдесін иеленді. Ал Сырдария ауданының Шіркейлі ауылынан келген Аймереке Құдайберген I орынға лайық деп танылды. Аққұм ауылының намысын қорғаған Жасмин Ібан II орынды еншілесе, Қазалы ауданының Аранды ауылынан қатысқан Жанерке Батырхан мен жалағаштық Дильназ Омар III орынды өзара бөлісті.

Сонымен қатар байқауға белсене қатысқан Жаңақорған ауданының Алмалық ауылынан Нұрайым Әбілхан, Арал ауданының Аманөткел ауылынан Аяна Жұмабай, Шиелі ауданының Бірінші мамыр ауылынан Шахризат Айтбаева және Қармақшы ауданының Қуаңдария ауылынан келген Айша Тұрмахан арнайы алғыс хатпен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

– Жасым 11-де. 9 жасымнан бері сахнаға шығып, ән айтып келемін. Бұл өнер маған ата-анам арқылы дарыған. Екеуі де әнші. Былтыр «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауының ән номинациясында II орын иелендім. Ал биыл республикалық «Дарабоз» өнер байқауында I орын алып, Ташкентте өтетін халықаралық өнер додасына жолдама жеңіп алдым, – дейді Айсұлтан Бақытжанұлы.

Байқауда көрерменнің ыстық ықыласына бөленген қатысушылардың бірі – Аймереке Құдайберген. Ол қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың «Мен бір жұмбақ адаммын» әнін орындап, I орын иеленді. Жас өнерпаздың өнерге деген қызығушылығы ерте оянған. Ол айтуынша, 4 жасынан бастап ауылдық мәдениет үйіндегі шараларға қатысып, алғаш рет ата-әжесіне арнап ән шырқапты. Сол сәттен бастап сахнаға деген сүйіспеншілігі артып, ән өнерін жанына серік еткен. Бүгінде ол түрлі байқауларда бақ сынап, жүлделі орын иеленіп жүр.

Талантты өнерпаздардың басын біріктірген өнер додасы олардың шығармашылық қабілетін шыңдап қана қоймай, өнерге деген сүйіспеншілігін арттырды. Жас дарындардың талабын ұштаған байқау соңында қатысушыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды.

**Бәрекелді!**

**Мәдениет және өнерді дамыту орталығы жанынан құрылған «Элеганс» би тобы «Бозторғай» балалар шығармашылығының халықаралық өнер байқауынан жеңіспен оралды. Аталған топ жарыстың би жанры бойынша I орын иеленіп, аудан абыройын асқақтатты. Талабы мен таланты ұштасқан өнерпаздарға Манзура Алтынбекова жетекшілік етеді. Сүйінші хабарды ести салысымен бишілер мен жетекшіні жеңісімен құттықтау үшін арнайы мәдениет және өнерді дамыту орталығына аялдадық.**

# БИШІЛЕР БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕС

– «Элеганс» би тобы 2021 жылы құрылды. Қазіргі таңда үлкен және кіші екі топты қосқанда 30 оқушы бар. Үйірме аптасына екі рет жұмыс істейді. Байқауға дайындық барысында демалысқа қарамай жұмыс жасаймыз. Үйірмеге 5 жастан бастап қабылдаймын, яғни топтағы бишілердің ең кішкентайы – 5 жаста, ал ең үлкені – 16 жаста, – дейді жетекші Манзура Алтынбекова.

Үйірме ашылғанына көп болмаса да, балғын бишілердің бағындырған белесі биік. Мәселен, олар «Жұлдызды сәт» халықаралық өнер байқауында бас жүлде, «Мәңгілік ел алыптары» республикалық байқауында I орын иеленген. Сондай-ақ «Мен де жұлдыз боламын» облыстық байқауында үздіктер қатарынан көрініп, I орынға қол жеткізген. Мұнан бөлек «Таланттар топ жарған» облыстық байқауда қатарынан екі жыл жеңіс тұғырынан көрініп, қарсыластарына дес бермеген. Ал былтыр Алматы қаласында өткен «Бозторғай» байқауында III орын алған би тобы биыл өз шеберліктерін тағы бір дәлелдеп, I орынға лайық деп танылды.

Үйірме жетекшісінің айтуынша, 10-нан аса би тобы бақ сынаған халықаралық байқауда «Элеганс» би тобы қазақ биі «Қара жорға»



мен үнді биі «Rangila girls» биін жоғары деңгейде орындаған.

– Иә, бұл байқауға биыл қатарынан екінші рет қатысып жатырмыз. Бұл жолы 14-17 жас аралығындағы бишілер өнер көрсетті. Жарыстан бір күн бұрын қатысушы топтар арасында жеребе тасталады. Қызығы, екі жыл қатарынан бізге сахнаға бірінші шығу бұйырды. Мұны жақсылықтың нышаны деп қабылдап, қыздарым бар өнерін ортаға салды. Нәтижесінде 100 баллдан 96 балл жинап, жоғары нәтиже көрсеттік. Кез келген жарысқа барарда менің ең үлкен тірегім – ата-аналар. Олар қыздарының сахналық киімінен бастап қажетті дүниелерінің барлығын әзірлеп, әрдайым қолдау көрсетеді. Байқауларға бірге барып, балаларды алаламай, барлығына бірдей жанашырлық танытып келеді. Сондай-ақ байқауға қатысуымызға мүмкіндік жасаған мәдениет және өнерді дамыту орталығының басшысы Ирина Баймахановаға және әрдайым жанымнан табылатын отбасыма алғысым шексіз, – дейді Манзура Өмірбекқызы.

Иә, шәкірт жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі. Бүгінде өнерге құштар өрендерді тәрбиелеп жүрген Манзура Өмірбекқызының еңбегі мен ата-аналардың қолдауының арқасында «Элеганс» би тобы мәдениет саласында өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып келеді.

Жеңістің артында тынымсыз еңбек пен жүйелі дайындық жатқаны анық. Әрбір би қойылымына ерекше мән беріп, сахна мәдениеті мен орындаушылық шеберлікті ұштастыра білген өнерлі өрендердің кіші тобы бүгінде алдағы жарыстарға қызу дайындық үстінде. Үйірменің жетекшісінің айтуынша, жас бишілерді биыл бірнеше байқау күтіп тұр. Сондай-ақ олар келер жылы өтетін «Бозторғай» халықаралық өнер байқауында бақ сынауды жоспарлап отыр. Дайындық барысында топтағы қыздардың биге деген ерекше ынтасы мен табиғи таланты бар екенін аңғардық. Манзура Алтынбекова да бұл пікірімізді құптап, шәкірттерінің қабілетін одан әрі шыңдап, үлкен сахналарға дайындауға бар күш-жігерін жұмсайтынын жеткізді.

– Ес білгелі биге деген қызығушылығым жоғары болды. Теледидардан немесе телефоннан бір әуен қосылса, бір орында тұрмай билей жөнелетінмін. Кейін анама би үйірмесіне қатысқым келетінін айттым. Содан таңдауымыз Манзура апай жетекшілік ететін «Элеганс» би тобына түсті. Шыны керек, мұндағы әр сабақты асыға күтемін. Достарыммен бірге жаңа билер үйреніп, түрлі байқауларға қатысып, тәжірибе алмасқан, жаңа достар тапқан қатты ұнайды. Әр жарыс сайын жетекшіміз бен ата-анамыздың сенімін ақтауға тырысамыз, – дейді топ мүшесі Томирис Мәдиқызы.

Талабы мен таланты ұштасқан өнерпаздардың үлкен сахнада қанатын қатайтуға үлес қосып жүрген маманның мақсаты айқын. Ол шәкірттерінің алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындырып, аудан мерейін үстем ете беретініне сенімді. Бала күнінен бұл салаға аяқ басқан Манзураның еңбекқорлығы мен өз ісіне деген жауаптылығы, мамандығына деген адалдығы бірден байқалады. Жас өрендерді өнерге баулып, олардың шығармашылығын шыңдап жүрген жетекшінің еңбегін бүгінгі жеңісінен-ақ аңғаруға болады.

Айта кетейік, білікті хореограф Манзура Алтынбекова би әлеміне жеті жасында қадам басқан. Сол кезден бастап Қонысбек Қазантаев атындағы мәдениет үйінде тәжірибелі ұстаз Үміт Айтқұловадан тәлім алып, мектепті тәмамдағанға дейін би өнерінің қыр-сырын меңгерген. Кейін өнер жолын кәсіби тұрғыда жалғастыру мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне түсіп, білікті маман Гүлбану Мурзабаевадан дәріс алып, «Хореограф» мамандығын иеленген.

Бүгінде Манзура Өмірбекқызының шәкірт тәрбиелеудегі, шығармашылық жолдағы жетістігі аз емес. Өнер жолы үнемі үздіксіз ізденіс пен қажырлы еңбекті талап ететіні сөзсіз. Осы қағиданы берік ұстанған Манзура шәкірттеріне тек би үйретіп қана қоймай, олардың бойына сахна мәдениетін, жауапкершілік пен еңбекқорлық, адалдық сынды игі қасиеттерді де сіңіріп келеді. Өнерді серік еткен өрендердің әр жетістігі аудан мәдениетіне қосқан сүбелі үлес екені даусыз.

# ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҰЛЫҚТАЛҒАН ШАҢЫРАҚ

**Елімізде мәдениет саласын дамытуға айрықша мән беріліп келеді. Соның нәтижесінде ауылдық жерлерде де мәдениет ошақтарының материалдық-техникалық базасы нығайып, заманауи үлгідегі клубтар мен мәдениет үйлері халық игілігіне берілуде. Ауданға қарасты Еңбек ауылында да мәдениет саласы қарқынды дамуда. Бүгінде бұл мәдениет ошағы түрлі мәдени шараларды ұйымдастырып, ауылдың қоғамдық өміріне серпін беріп келеді. Жуырда аталған мәдениет үйінің тыныс-тіршілігімен танысып, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарларына көз жүгірттік.**



Екі қабатты еңселі ғимарат 1977 жылы пайдалануға берілген. Бүгінде мұнда 11 қызметкер еңбек етіп, ауыл тұрғындарының мәдени өмірін жандандыруға үлес қосып келеді. Әсіресе жас буынның бос уақытын тиімді ұйымдастырып, шығармашылық қабілетін дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Мәдениет үйінің басшысы Жомарт Жарылқасынның айтуынша, мұнда «Әуен» ән үйірмесі, «Шабыт» би үйірмесі, «Күй-қазына» домбыра үйірмесі, «Әдеп пен мәдениет» драма үйірмесі, «Сөз маржаны» көркемсөз үйірмесі, «Шебер қолдар» қолөнер үйірмесі және «Мардан ұландары» жайдарман үйірмесі жұмыс істейді. Қазіргі таңда бұл үйірмелерге 90-ға жуық өнерлі бала қатысып, өз қабілетін шыңдауда.

Үйірме мүшелері ауылдық деңгейдегі мәдени шаралармен ғана шектелмей, аудандық іс-шараларға да белсене қатысып келеді. Олар әрдайым шығармашылық ізденіс үстінде, түрлі байқаулар мен фестивальдерде өнер көрсетіп жүр. Соның нәтижесінде ауылдық мәдениет үйінің ұжымы бірқатар биікті бағындырып, республикалық деңгейдегі байқауларда жүлделі орындарға ие болған.

– Былтырдан бастап ауыл өнерпаздары 25 байқауға қатысты. Тарқатып айтсам, аймақтық 1 байқаудан II орын, аудандық 12 байқаудан 2 бас жүлде, 4 рет I орын, 3 мәрте II орын, 4 алғыс хат иелендік. Ал облыстық деңгейде өткен 11 байқаудан бас жүлде, II орын, 3 рет III орын, 6 алғыс хатқа ие болдық. Сондай-ақ 1 республикалық байқауға қатысып, I орынмен марапатталдық, – дейді Жомарт Талапұлы.

Ұлттық құндылықтарымыздың біріне айналған қолөнер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ. Ауылдағы мәдениет үйінде жұмыс істейтін «Шебер қолдар» үйірмесі де осы дәстүрдің сабақтастығын сақтап, жас буынға ұлттық өнерді насихаттап келеді.

Үйірмеде қыз балалар түрлі қолөнер туындыларын жасап, шығармашылық қабілетін дамытады. Мұнда ауылдың ақжаулықты аналары мен әжелері бос уақытын тиімді пайдаланып, жастарға кесте тігу, мата әсемдеу, тоқыма тоқу секілді ұлттық қолөнердің қыр-сырын үйретеді. Осылайша үлкендердің тәжірибесі мен өнегесі кейінгі буынға жетіп, ұлттық өнердің өміршеңдігі арта түсуде.

– Мен сабақтан тыс уақытымды «Шебер қолдар» үйірмесінде өткізгенді ұнатамын. Әсіресе кесте тігу, бисерден және түрлі материалдардан әшекей бұйымдар жасаған ұнайды. Мәдениет үйінде өтетін шаралар барысында ауылымыздың ақжаулықты әжелерінен көптеген пайдалы дүние үйренеміз. Киіз басу, жүн түту, құрақ көрпе құрастыру, моншақпен жұмыс істеу секілді ұлттық қолөнер түрлерін меңгеріп келемін, – дейді үйірме мүшесі Айнұр Құдайқұл.

Ауылдағы мәдениет үйінің тынысымен танысып жүріп, олардың «Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген тәмсілді берік ұстанатынын аңғардық. Себебі олар ауыл жастарын өнерге, еңбекке баулу мақсатында ақжаулықты аналардың қатысуымен түрлі шаралар өткізеді. Мұнда бесік жырымен бала тербеткен аналардың бастамасымен «Батыр аналар» ансамблі құрылып, мекеме ішінен арнайы кабинет жасақталған. Өнер ұжымында әжелер тек ән айтып қана қоймай, ұлттық салт-дәстүріміздің жандануына өз үлесін қосуда. Олардың қатысуымен мұнда түрлі шаралар, шеберлік сағаттар өтеді.

Ауылдағы «Батыр аналар» ансамблі 1988 жылы құрылған. Сол жылы алғашқы құрамдағы 19 батыр ана ауылдық мәдениет үйінде жеке концерт берген. Алтынқұрсақты аналардың шығармашылық кешіне ауыл тұрғындары түгел қатысқан деседі. Алғашқы концерттен-ақ көрерменнің сұрауымен батыр аналар көршілес Жаңадария, Аққұм, Ақарық, Шаған, Мырзабай ахун сынды ауылдарға концерттік іс-сапармен шығып, өз өнерлерін көрсете бастаған. Бүгінде ансамбль құрамында 20 ана бар.



Мұнда бір ерекшелігі, «Мардан ұландары» жайдарман үйірмесі жұмыс жасайды. Қағытпа қалжыңымен көрерменнің қошеметіне бөленіп жүрген команда мектеп оқушыларынан құрылған. Олар бүгінге дейін аудандық, облыстық жарыстарға қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп келеді.

Ауылдық мәдениет үйінің жергілікті тұрғындар үшін алар орны ерекше. Мұндағы қызметкерлер мерекелік шаралар ұйымдастырумен қатар жас таланттарды өнерге баулып, олардың шығармашылық қабілетін шыңдауға үлес қосып жүр. Жастардың бойындағы дарынды дер кезінде танып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу арқылы шағын ауылдан қаншама өнерлі өреннің қанат қағуына жол ашылуда.

Ұжым мүшелері жыл сайын мәдениет ошағының жұмысын жандандырып, қолөнер мен өнерді ұлықтауға күш салып, тынысын кеңейтіп келеді. Жалпы Еңбек ауылынан ел руханиятына өлшеусіз үлес қосқан көптеген мәдениет майталманы шыққан. Қуаныштысы сол, бүгінгі жас буын да аға буын қалыптастырған игі дәстүрді жалғастырып, түрлі байқаулар мен өнер додаларында топ жарып жүр. Бұл – мәдениет саласы қызметкерлерінің табанды еңбегінің жемісі. Ұрпақ сабақтастығы үзілмей, өнерге деген құрмет сақталған жерде ауыл руханиятының шамшырағы сөнбейді.

**Бетті дайындаған Сезім НҰР**

Меншік иесі:
«Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
"Жалағаш жаршысы" газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
"Жалағаш жаршысы" аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) "Сапа менеджменті жүйелері" талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

*Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №964

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН